

Аралық бақылау № 1 (жазбаша)

Жіктік жалғауы дұрыс жалғанған сөйлемді көрсетіңіз

Біз ертең театрға барасың

Олар сабақтан кеш шықтық

Сен емханада болдыңыз

Сіз қаладан келдіңіз

Бос орынға жіктік жалғауын жазыңыз.

1. Мен оқыды-----
2. Сен жауап берді-----
3. Сіз ішті-----
4. Ол қарады-----
5. Біз жазды-----
6. Сендер көрді-----
7. Сіздер кел-----
8. Олар сұрақ қойды-----

Берілген сөздерді жіктеңіз.

1. Ұзын 2. Әдемі 3. Қысқа 4. Үлкен 5. Кіші

Үлгі:

Мен ұзындауым / ұзынмын.

Сен ұзындаусың / ұзыңсың

Сіз ұзындаусыз / ұзынсыз.

Ол ұзындау / ұзын.

Тәуелдік жалғау.

Мәтіннен тәуелдік жалғауын тап?

Менің жатақханам Байтұрсынов көшесінде орналасқан . Жатақхана бес қабатты. Менің бөлмем екінші қабатта. Бөлмем жарық, кең. Жатақханам маған ұнайды.

Сұраққа жауап беріп, тәуелдік жалғауын табыңыз?

1. Мен Мараттың ағасымын. Ал ол маған кім болады?
2. Әкемнің қызының күйеуі маған кім болады?
3. Менің баламның баласы маған кім болады?
4. Менің шешемнің ағасы маған кім болады?
5. Жездемнің баласы маған кім болады?

Берілген сөздерді пайдаланып, үлгідегідей тәуелдік жалғауын жалғап сөйлем құрап жазыңыз.

әке – 48 – аурухана – дәрігер

Менің әкем 48 жаста. Ол ауруханада дәрігер

Ана -52

Қарындас – 20

Іні - 13

Жезде - 30

Жаңылтпашты жаттап, тәуелдік жалғауын тап?

Атам:

«Балам ат аламын», - дейді

Апам:

«Балама ала мата аламын», - дейді

Атасы ат ала ма?

Апасы ала мата ала ма?

Аралықбақылау № 2 (ауызша)

Иә, жоқ сөздерін пайдалану.

1. Иә, жоқ сөзін пайдаланып диалогті оқып, өзара жалғастырып сөйлесіңдер.

- Сен қазақ тілін жақсы білесің бе?
- Жоқ, әлі толық білмеймін.
- Қазақ тілінде сөйлегін келе ме?
- Иә, қазақ тілінде таза сөйлегім келеді.
- Қазақ тілін жақсы түсінесің бе?
- Иә, мен біраз үйрендім. Ұстаз қазақша сөйлегенде түсінемін.
- Ал таныс емес сөздер кездескенде не істейсіз?
- Ондай кезде түрлі сөздіктерді пайдаланамын.
- Қазақ тілін ұмытып қалмау үшін, күнделікті өмірде жиі пайдаланасың ба?
- Иә, қазақ тілін ұмытып қалмау үшін тәжірибе түрінде, яғни университетте, жатақханада, көшеде жүргенде қазақ тілінде жиі сөйлесемін.

2. Иә, жоқ сөзін пайдалана отырып сұрақтарға жауап бер?

1. Сенің тамақ ішкің келе ме?

Иә,-----

2. Оның университетке барғысы келе ме?

Иә,-----

3. Біздің айтқымыз келе ме?

Жоқ,-----

3. Сендердің ұйықтағыларың келе ме?

Жоқ,-----

4. Олардың қонаққа келгілері келе ме?

Иә,-----

5. Сіздердің Ауғанстанға қайтқыларыңыз келе ме?

Жоқ,-----

3-тапсырма

Бос орынға сұрақ қойыңыз

1. - -----

-Иә, мен қазақша ән айта аламын.

2. - -----

-Жоқ, мен билемеймін

3. - -----Иә, мен би үйренемін.

4. - ----- Жоқ, мен тамақ пісіре алмаймын.

№ 3 аралық бақылау . Диктант

Қазақстан – тәуелсіз мемлекет

Қазақстан – егеменді, тәуелсіз мемлекет. Өз тәуелсіздігін 1991 жылы 16 желтоқсанда жариялады. Тәуелсіз мемлекеттің елтаңбасы, туы, әнұраны, мемлекеттік тілі, ұлттық валютасы бар. Ел тәуелсіздігін әлем таныды. Бүгінгі таңда Қазақстан басқа мемлекеттермен тұрақты саяси, экономикалық, мәдени қарым-қатынастар орнатты. Қазақстан халқының саны 17 миллионнан асады. Қазақстанда 14 облыс бар, елордасы – Астана қаласы. Қазақстанның жері кең-байтақ, бай. Бес географиялық аймаққа бөлінеді: оңтүстік, солтүстік, орталық, шығыс, батыс.

№ 4 аралық бақылау тапсырмалары:

1. Көп нүктенің орнына тиісті қосымшаны қойыңыз.

Көрші... ауланы тазалады.

А) -де

В) -ден

С) –лер

Д) –мен

2. Дұрыс жауапты көрсетіңіз.

..., ағай.

А) сәлем

В) амансың ба

С) сәлеметсіз бе

Д) сәлемәтсің бе

3. Диалогті толықтырыңыз.

- Кел, танысайық. Менің атым -Алтынай. Ал сенің атың кім?

- Менің ... - Баян. Танысқаныма қуаныштымын.

- Мен де қуаныштымын.

А) тегі

В) әкесінің аты

С) аты жөні

Д) атым

4. Сөйлемді толықтырыңыз.

Біздің ұстазымыздың ... - Балжан Мұратқызы, ... - Нұржанова .

А) оның тегі, аты

В) аты-жөні, тегі

С) сіздің есіміңіз

Д) оның есімі, аты

5.Сөйлемді толықтырыңыз.

... қаласында үлкен Ұлттық кітапхана бар.

А) Қала

В) Ауыл

С) Орталық

Д) Алматы

6. Сөйлемді аяқтаңыз.

Менің ... қалада тұрады.

- A) ағам
- B) інісі
- C) әкеміз
- D) анаңыз

7. Көп нүктенің орнына тиісті қосымшаны қойыңыз.

Менің үйім мектепке жақын, ал досым...үйі алыс.

- A) -тың
- B) -дың
- C) -ның
- D) -дің

8.Диалогті толықтырыңыз.

- Айнаш апай, сіз қайдан келе жатырсыз?

- ... келе жатырмын. Баламның мұғаліміне барып жолығып едім.

- A) Базардан
- B) Мектептен
- C) Үйден
- D) Асханадан

9.Диалогті толықтырыңыз.

- Бану, мына балалардың қол арбасын қайдан сатып алдың?

- Маржан, бұл қол арбаны мен ... сатып алдым..

- A) дүкенге
- B) базардан
- C) сатушыда
- D) сатып алушыдан

10.Көп нүктенің орнына тиісті қосымшаны қойыңыз.

Азамат дүкеннен екі кітап... сатып алды.

- A) -ша
- B) -қа
- C)- та
- D) -хана

11.Көп нүктенің орнына заттың ретін білдіретін сөзді белгілеңіз.

Марлендердің отряды көпсайыста ... орынды қанағат тұтты.

- A) жеті
- B) жетідей
- C) жетінші
- D) жетеу

12. Дұрыс жауапты көрсетіңіз.

Балкия, ... қайда оқып жүрсіз?

- A) сен
- B) сіз
- C) мен

13.Асты сызылған сөзге сұрақ қойыңыз.

Мен жазда Түркістанға барып қайттым

- A) қайда?
- B) қалай?
- C) қанша?
- D) қашан?

14. Осы сәтте орындалып жатқан әрекетті көрсетіңіз.

- A) Айдын аулада отырды.
- B) Біз қазір троллейбуста отырмыз.
- C) Олар саябақта отырған шығар.
- D) Сәлима сол кезде үйде отыр еді.

15. Орындалмаған іс әрекетті көрсетіңіз.

- A) Иә, жоқ сөздерін қатыстырып сөйлем құрадық.
- B) Досымның сабаққа дайындалуға уақытым жоқ деген сөзіне сенбедім.
- C) Бүгін бос уақытым жоқ болып тұр.
- D) Қолым тимей конспектіні жаза алған жоқ едім.

Сынақ тапсырмасы

№ 1 лексика –грамматикалық тест

1.Сингармонизм заңына бағынбаған сөзді көрсет :

- 1. емші

2. елші
3. етікші
4. заңгер
5. ұстаз
2. Сіз сабаққа кешігіп келдіңіз. Дәрісханаға кіргенде (аудиторияға) не айтасыз?
 1. кіруге рұқсат па?
 2. кіреді рұқсат ?
 3. кіру рұқсат па?
 4. рұқсат кіруге ?
 5. кірмеуге рұқсат па?
3. Көптік жалғауы дұрыс жалғанбаған сөзді көрсетіңіз:
 1. мемлекеттер
 2. оқулықтар
 3. кездесулер
 4. даналар
 5. қаладар
4. Қазақ елі туының түсі қандай?
 1. қызыл
 2. сары
 3. ақ
 4. көк
 5. жасыл
5. Бейсенбі аптаның нешінші күні?
 1. екінші
 2. үшінші
 3. алтыншы
 4. жетінші
 5. төртінші
6. Қазақ тілінде қанша септік бар?
 1. 5
 2. 8
 3. 6
 4. 7
 5. 3
7. Тәуелдік жалғаулы сөзді табыңыз:
 1. оқыдым
 2. оқуым
 3. білім
 4. кілем
 5. бөлім
8. Жіктік жалғауын көрсетіңіз:
 1. кітапты
 2. қатты
 3. кешке
 4. болдым
 5. арна
9. Ауа райына қатысты сөздер тобын көрсет:
 1. үй, бөлме, көше, пәтер, университет
 2. мемлекет, аудан, село, ауыл
 3. ашық, жауын шашын, бұлтты, аяз, жаңбыр
 4. аласа, биік, үлкен, кең, тар
 5. алты, жеті, жүз, мың, тоғыз
10. Қазақ алфавитінде неше әріп бар?
 1. 29
 2. 42
 3. 33
 4. 30
 5. 27
11. Реттік сан есімді көрсетіңіз:
 1. елші
 2. келші
 3. екеу
 4. екі

- 5.екінші
12. Ұлттық тағамға қатысты сөздер тобын көрсетіңіз:
1. жаңа жыл, туған күн, бесік той
 2. домбыра, күй, қобыз, Шәмші, Бибігүл
 3. сүйінші, шашу, байғазы, көрімдік
 - 4.бауырсақ, қуырдақ, құрт, қазы
 5. ата - ана, аға, көке, ана
13. Дұрыс сөйлемді табыңыз:
- 1.Мен Алматыда тұрасың
 - 2.Мен Алматыда тұрамын
 - 3.Тұрамын мен Алматыда
 4. Мен Алматыда тұрамыз
 5. Тұрамын Алматыда мен
14. Түске байланысты сөздер тобын көрсетіңіз:
1. үй, бөлме, көше, пәтер, университет
 2. мемлекет, аудан, село, ауыл
 3. ашық, жауын , бұлтты, аяз, жаңбыр
 - 4.аласа, биік, үлкен, кең, тар
 5. ақ, жасыл,қара, сары, сұр
15. Тиісті жалғауды жалғаңыз: Сіздің мамандық..... кім?
- 1.іңіз
 - 2.ың
 - 3.ыңыз
 - 4.ым
 - 5.ім

Сынақ тапсырмасы

№ 2 лексика –грамматикалық тест

1. Қай сөз ілік септігінде тұр?
- 1.сапардан
 - 2.жұмысты
 - 3.қаланың
 - 4.шанамен
 - 5.бастықта
2. Есептік сан есімді табыңыз:
- 1.он бір
 - 2.екеу
 - 3.он бірінші
 - 4.екеуден
 - 5.жетінші
3. Қай сөз жатыс септігінде тұр?
- 1.сапардан
 - 2.жұмысты
 - 3.қаланың
 - 4.шанамен
 - 5.бастықта
4. Тиісті жалғауды жалғаңыз: Сіз тұр....
- 1.сың
 - 2.сыздар
 - 3.сыз
 - 4.мыз
 - 5.мін
5. Сапалық сын есімді табыңыз:
- 1.күшті, шыдамды, сәнді
 - 2.жаңбырлы, білімді, ақылды
 - 3.ерікті, білікті, шетелдік
 - 4.ақ, жасыл, сұлу, көк
 - 5.мемлекеттік, кішілеу, жылдық
6. Барыс септігінің жалғауын жалғаңыз: Мен бүгін ерте келу.... тырысамын.
- 1.-ның
 - 2.-ден
 - 3.-ді
 - 4.-мен
 - 5.-ге

7. Тиісті есімдікті жазыңыз: заңгер болып жұмыс істейсіз бе?

- 1. мен
- 2. ол
- 3. сіз
- 4. біз
- 5. сендар

8. Тиісті жіктік жалғауын жалғаңыз: Сен айтпай.....

- 1. -сың
- 2. -сыз
- 3. -мын
- 4. -мін
- 5. -ды

9. Тиісті жалғауды жалғаңыз: Жер..... қар жатыр.

- 1. -ді
- 2. -де
- 3. -мен
- 4. -дің
- 5. -ім

10. Қалау рай формасын жалғаңыз: Менің сөйлес .. м келеді.

- 1. -се
- 2. -са
- 3. -кі
- 4. -сын
- 5. -сін

11. Шығыс септігінің жалғауын жалғаңыз: Мен Астана..... келдім.

- 1. -мен
- 2. -ның
- 3. -ты
- 4. -да
- 5. -дан

12. Сөйлемді аяқтаңыз: Сіздер серуендеп

- 1. жүрсің
- 2. жүрсіздер
- 3. жүрміз
- 4. жүр
- 5. жүреміз

13. Көптік жалғауы дұрыс жалған сөзді көрсетіңіз:

- 1. әріптестар
- 2. мамандар
- 3. байланысшытар
- 4. адамлар
- 5. лауазымлер

14. Тұйық етістік тұлғасын табыңыз:

- 1. жүргізеді
- 2. жүргізу
- 3. жүргіздім
- 4. жүргізген
- 5. жүргіздің

15. Қай сөз тіркесінде көмектес септігі бар?

- 1. жұмыстан
- 2. жұмысты
- 3. жұмыспен
- 4. жұмыста
- 5. жұмысты